

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №1

08.09.2023ж

«Кәусар-Әли» б/б

Төрағалық етуші: Базарбекова.Қ

Хатшы: Ескендирова.Н

Қатысқандар: 21

Күн тәртібі

1.Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы. Қызметкерлердің құрамы, 2021-2022 оқу жылында жаңа келген қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру.

2.Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы

3.Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Балабақша менгеруші балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылына жаңа табыстар тіледі.

Балабақшаның ішкі еңбек тәртібімен таныстырып, балабақша қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін таныстырып өтті. Балабақшада тәрбиешілер екі ауысымда жұмыс жасағандықтан, бірінші ауысымдағы және екінші ауысымдағы тәрбиешілердің уақыттарын атап өтті. Биылғы оқу жылында жаңа қосылған қызметкерлер таныстырылды, әрбір қызметкер лауазымдық мәндеттеріне жауапкершілікпен қарауды атап өтті.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі және дәмбикесі сөз алды, ол өз сөзінде балалардың тамақтануы мәзірінің айлық, және бір апталық мәзір алдын-ала дайындалып қойылатынын және де күз мезгілінде, көкөністер мен жемістер пісіп жатқандықтан ас мәзіріне көптен енгізілгендігі туралы айтЫП өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. Ішкі еңбек тәртібімен таныстырылғандығы жөнінде нұсқаулық жасалып таныстырылсын.
2. Балалардың тамақтанудың ұйымдастырылуы снпин талаптарына сай жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:

Базарбекова.Қ

Ескендирова.Н



Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №2

04.12.2023ж

«Кәусар-Әли» б/б

Төрағалық етуші: Базарбекова.Қ

Хатшы: Ескендирова.Н

Катысқандар: 20

Күн тәртібі

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық.
2. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы.
3. Күн тәртібінің орындалуы.

Тындалды: Өндірістік кеңес мәжілісінің төрағасы балабакша менгерушісі сөз алып, бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті, алда жаңа жыл мерекесін өткізу жауапкершілігі тұрғанын жеткізді, жаңа жыл мерекесін өткізу барысында ең алдымен өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақталуын ескертті, сонымен қатар жаңа жыл мерекесі балалардың сүйікті мерекелерінің бірі болғандықтан, балаларға қызықты өту үшін бар жағдайлар жасалып, сценарийлерін талқылап бекітті. Ертегі кейіпкерлерінің рольдеріне қызметкерлер бекітілді.

Тындалды: Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық жөніндегі менгерушісі сөз алып, өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы жөнінде айтып өтті, қыс мезгілі болғандықтан, алдағы мерекелер, топтарда қарапайым өрт қауіпсіздің ережелерін сақтауды ескертті.

Тындалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабакша медбикесі, сөз алып, балабақшадағы балаларды жүқпалы аурулардан қорғау мақсатында уақытылы екпе салдыруға шақырды. Қызылша ауруының көбейіп жатқаны туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді сарапай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты мамандар бекітілсін.
2. Өрт қауіпсіздігі ережелері сақталынын.
3. Балабакша балалардың түгел қызылшага қарсы екпе салдырсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Базарбекова.Қ

Ескендирова.Н